

НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Нұр-Мұбарак Египет ислам
мәдениеті университетінің ректоры,
доктор, профессор
Ахмад Хусейн Мұхаммад Ибрахим

2025 жылғы «31» қазандағы
Ғылыми кеңестің № 2 хаттамасы

АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТ

Алматы, 2025 ж.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	2-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
3. ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ.....	4
4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ.....	4
5. АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ.....	6
6. ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	8
7. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ.....	9
8. САБАҚҚА ҚАТЫСУ.....	10
9. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ.....	10
10. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ.....	12
11. КӘСІБИ ПРАКТИКА.....	17
12. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ЖӘНЕ КРЕДИТТЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ.....	19
13. ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ.....	20
14. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ.....	23
15. АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУ.....	27
16. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫҒАРУ.....	27
17. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІТІРУІ.....	28

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	3-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті» жеке мекемесінің (бұдан әрі – Университет) Академиялық саясаты білім алушыға бағдарланған оқытуды іске асыруға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған оқу процесін тиімді ұйымдастыру, білім беру қызметін жоспарлау мен басқаруға қатысты іс-шаралар, қағидалар мен рәсімдер жүйесі болып табылады.

1.2. Академиялық саясат Университеттің білім алушыларына, профессор-оқытушылар құрамына, құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлеріне және басқа да мүдделі тұлғалардың қолдануына арналған.

1.3. Академиялық саясат 3 жыл мерзімге әзірленеді және Қазақстан Республикасының білім беру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілеріне, Университет Жарғысына, Стратегиялық даму жоспарына өзгерістер енгізілген жағдайда, білім беру бағдарламаларына қойылатын талаптардың өзгеруіне, халықаралық институционалдық немесе бағдарламалық аккредитация нәтижелері бойынша берілген ұсыныстар негізінде қайта қаралады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Академиялық саясат келесі нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жаңа редакциясы);

- Қазақстан Республикасының Ғылым және технологиялық саясат Заңы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жаңа редакциясы);

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жаңа редакциясы);

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жаңа редакциясы);

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жаңа редакциясы);

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы №591 бұйрығы (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жаңа редакциясы);

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	4-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы.

3. ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

3.1. Оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының Білім беру бағдарламалары тізіліміне енген жоғары білім (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, докторантура) бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады.

3.3. Оқуға қабылдау кезінде білім алушылар жеке өтініштері негізінде білім беру бағдарламалары тобына қарасты білім беру бағдарламаларына қабылданады.

3.4. Университет білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін ескере отырып, қабылдаудың шекті балдарын анықтайды. [Оқуға қабылдау ережелеріне](#) сәйкес шекті балды жинаған талапкерлер Мемлекеттік білім беру грантын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға немесе өз қаражаты есебінен, сыртқы ұйымдардың тапсырыстары негізінде оқуға қабылдануға жіберіледі.

3.5. Білім алушылар контингентіне қабылдау [Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына](#) сәйкес проректор бұйрығымен жүзеге асырылады.

4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

4.1. Университетте кадрларды даярлау жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары (бұдан әрі – БББ) бойынша жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламалары туралы ақпарат жыл сайын [Университет сайтының Талапкер бөлімінде](#) орналастырылады.

4.2. Университет [білім беру қызметіне лицензиялары](#) негізінде және [Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы](#) негізінде білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

4.3. Университетте БББ даярлауды тәжірибелі профессор-оқытушылар құрамынан, жұмыс берушілер мен білім алушылардың өкілдерінен тұратын кадрлар даярлау бағыттары бойынша Академиялық сапа комитеттері жүзеге асырады.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	5-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

4.4. БББ [Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына](#), білім беру қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне, [Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген Жоғары және \(немесе\) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне \(профессор-оқытушылар құрамына\) арналған кәсіптік стандартына](#), жоғары білім берудің ұлттық біліктілік шеңберінің талаптарына, салалық біліктілік шеңберінің талаптарына және Қазақстанның жаңа кәсіптері мен құзыреттіліктері атласына сәйкес әзірленеді.

4.5. Университеттің барлық БББ міндетті түрде ішкі және сыртқы сараптамадан өтеді.

4.6. Академиялық сапа комитеті әзірлеген БББ Академиялық сапа кеңесінің қарауына, одан әрі Ғылыми кеңесте бекітуге ұсынады.

4.7. Ғылыми кеңес шешімімен бекітілген БББ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы №106 бұйрығымен бекітілген [Жоғары және \(немесе\) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздеріне](#) сәйкес Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізіледі, бұл рәсім білім беру тапсырысын алу үшін міндетті шарт болып табылады.

4.8. БББ бойынша оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады.

- бакалавриат - білім алушының оқу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, оқудың барлық кезеңінде кемінде 240 академиялық кредитті игеруі;

- магистратура - магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрін қоса алғанда, оқудың барлық кезеңінде кемінде 120 академиялық кредитті игеруі;

- докторантура - докторанттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда кемінде 180 академиялық кредитті игеруі.

4.9. Академиялық кредиттердің белгіленген көлемін толық игерген білім алушыға тиісті БББ бойынша тиісті дәреже беріледі.

4.10. БББ үшін Университетте міндетті түрде міндетті және элективті пән/пәндер модульдерінің, кәсіптік практикалардың, оқу/ғылыми қызметтің барлық түрлерінің және қорытынды аттестаттаудың тізбесін білдіретін оқу жоспарлары (ОЖ) жасалады.

4.11. ОЖ міндетті бөлігіне жататын пәндер/модульдер, кәсіптік практикалар Қазақстан Республикасының [Қазақстан Республикасы Ғылым](#)

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	6-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес білім алушы игеретін БББ бағытына қарамастан, оның меңгеруі үшін міндетті болып табылады.

4.12. Университет Ғылыми кеңесінің төрағасымен бекітілген БББ-ның ОЖ сканерленген түрде Университет сайтына орналастырылады.

5. АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ

5.1. Білім беру қызметін жоспарлау академиялық күнтізбе негізінде іске асырылады.

5.2. Академиялық күнтізбеде демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу кезеңдері көрсетіледі.

5.3. Академиялық күнтізбе оқу жылына әзірленеді, ол Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

5.4. Оқу жылы ұзақтығы, әдетте, кемінде 15 апта академиялық семестрлерден/триместрлерден, ұзақтығы 7 аптаға дейінгі аралық аттестаттау (емтихан сессиялары) және қорытынды аттестаттау (бітіру жұмыстарын қорғау) кезеңдерінен, оқу жылында ұзақтығы кемінде 7 аптаны құрайтын кәсіптік практика мен каникул кезеңдерінен тұрады. Әрбір академиялық кезең білім алушыларды аралық аттестаттаумен аяқталады, әрбір оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және қорытынды бақылаумен аяқталады. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.

5.5. Модульдік және триместрлік оқыту кезінде БББ-ның әрбір модулі/пәні бойынша оқу кезеңдері жеке академиялық күнтізбемен айқындалады.

5.6. Ұзақтығы кемінде 6 апта болатын жазғы семестр (бітіру курсы қоспағанда) білім алушылардың қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, оқу жоспарларындағы академиялық қарызын немесе айырмашылығын жою, басқа білім беру ұйымдарында оқу пәндерін оқу және кредиттерді игеру, оларды университетте міндетті түрде қайта есепке алу, GPA жоғарылату, аралас немесе қосымша білім беру, оның ішінде қос дипломды білім беру аясында бағдарламаларды игеру үшін демалыс кезеңінде ұйымдастырылады, бұл Жазғы семестрді ұйымдастыру ережесімен реттеледі.

5.7. Оқу сабақтарының және қорытынды бақылаудың (емтихан сессиялары) кестелерін факультет декандары/кафедра меңгерушілері Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының келісімі

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	7-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

бойынша бекітіп, тиісті кезең басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей білім алушылардың назарына жеткізуі тиіс.

5.8. Білім алушылар академиялық ұтқырлық бағдарламалары немесе денсаулық жағдайы бойынша сабақты өткізіп алуды қоспағанда, оқу және бақылау шараларын, практикалардың барлық түрлерін академиялық күнтізбеде көрсетілген мерзімде қатаң орындауы міндетті. Көрсетілген жағдайларда білім алушылар академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының өкіміне сәйкес жеке кесте бойынша оқу және бақылау іс-шараларын, практиканы орындайды.

5.9. Оқытушылар Platonus ақпараттар жүйесіне пәннің оқу-әдістемелік кешенін уақтылы жүктеуге міндетті, оған мыналар кіреді:

- силлабус;
- лекция конспектілері/практикалық сабақтарға арналған тақырыптық материал;
- практикалық/семинарлық/ сабақтарға әдістемелік ұсынымдар;
- БӨЖ бойынша басшылық: тапсырмалар, әдістемелік нұсқаулар, орындау кестесі;
- пән бойынша қорытынды бақылау бағдарламасы.

5.10. Кафедра меңгерушісі және Академиялық комитеттің төрағасымен келісілген, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры бекіткен силлабустың бір данасы пән бойынша сабақ өткізу кезінде оқытушының қолында болуы тиіс.

5.11. ПОӘК-ті Platonus ақпараттар жүйесіне уақтылы жүктемеу, сабақ өткізу кезінде оқытушының жұмыс үстелінде бекітілген силлабустың болмауы оқытушының функционалдық міндеттерін орындамауы ретінде бағаланады. Оқытушылар академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде оқу және бақылау іс-шараларының барлық түрлерін уақтылы жүзеге асыруға міндетті.

5.12. Оқытушылардың Platonus ақпараттар жүйесіне аралық және қорытынды бақылау тізімдемесін уақтылы жаппауына жол беретін кафедра меңгерушілері рейтингтік бағалау жүйесінде айыппұл баллдарын алады.

5.13. Оқу сабақтарын өткізу мониторингін Академиялық сапа комитеттері жүзеге асырады. Мониторинг өткізу білім беру процесіне кедергі келтірмеуі және оқытушыға немесе білім алушыларға қолайсыздық туғызбауы тиіс.

5.14. Оқытушы кафедра меңгерушісіне денсаулық жағдайына, қызметтік іссапарға және т.б. жұмыста болмауы себебіне байланысты орнына басқа оқытушыны тағайындау туралы уақтылы хабарлауға дербес жауапты болады.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	8-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

6. ПӘНДЕРГЕ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

6.1. Қысқаша сипаттаманы, оқыту нәтижелерін, пререквизиттер мен постреквизиттерді қоса алғанда, тіркеуге шығарылатын пәндер туралы ақпарат пәндер (модульдер) каталогында болады және Platonus ақпараттар жүйесіне орналастырылады. Тіркеу басталғанға дейін бітіртуші кафедралардың меңгерушілері білім алушылардың пәндерді таңдау мәселелері бойынша алдын ала әдістемелік және консультациялық жұмысты ұйымдастырады.

6.2. Білім алушылар БББ бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқыту траекториясын дербес айқындайды. Білім алушы меңгеру үшін жеке оқу жоспарында (ЖОЖ) көрсетілетін міндетті, жоғары оқу орны компоненттерінің және таңдау (модульдер) бойынша талап етілетін санын таңдайды. Білім алушы ЖОЖ құруға және БББ оқу жоспарының талаптарына сәйкес оқу курсы толтық меңгеруге дербес жауапты болады.

6.3. Білім алушының ЖОЖ-на енгізілетін кредиттердің ең көп саны ағымдағы семестрге және оқу жылына арналған оқу жоспарында белгіленген кредиттер санына сәйкес келуі тиіс.

6.4. Пәндерді (модульдерді) таңдау пәндерді оқытудың бірізділігін міндетті түрде ескере отырып жүзеге асырылуы керек. Егер алдыңғы семестрде осы пәнге пререквизиттерді меңгермеген болса, білім алушы пәнге тіркеле алмайды.

6.5. Білім алушы жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті шеңберінде жеке оқу траекториясын айқындау кезінде «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР ҒЖБМ 20.07.2022 ж. №2 бұйрығының 2-тарауының 12-тармағына сәйкес негізгі БББ (Major) және (немесе) қосымша БББ (Minor) бойынша пәндерді таңдайды.

6.6. Тіркеу БББ және Platonus ақпараттар жүйесіндегі пәндер каталогы негізінде факультет деканы бекіткен тіркеу кестесіне сәйкес онлайн-режимде жүзеге асырылады.

6.7. Академиялық топтар пәнге және оқытушыға жазылған білім алушылардың жеткілікті саны қағидаты бойынша қалыптасады. Академиялық топтың толымдылығын университет айқындайды.

6.8. Егер оқу пәніне тіркелген білім алушылардың саны белгіленген топ толымдығынан аз болса, онда пән ашылмайды және оқу пәніне тіркелген білім алушылар хабардар етіледі және тіркеу аяқталғаннан кейін 3 күн ішінде пәнді қайта таңдау ұсынылады.

6.9. Жазғы семестрге тіркелу көктемгі семестр аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Бітіруші курс білім алушылары үшін Жазғы семестр өткізілмейді.

6.10. Тіркеуші кеңсесі эдвайзерлерді тарта отырып, пәндерді тіркеуді ұйымдастырады. Тіркеу факультет деканымен бекітілген арнайы дайындалған

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	9-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

компьютерлік класстарда қатаң түрде оқудан тыс уақытта ұйымдастырылады. Әрбір білім алушыға ID (логин) сәйкестендіру нөмірі беріледі.

6.11. ЖОЖ пәндерге тіркеу рәсімі аяқталғаннан кейін автоматты түрде Platonus ақпараттар жүйесінде қалыптастырылады. Білім алушылардың, эдвайзердің, факультет деканының және Тіркеуші кеңсесінің жетекшілік ететін қызметкерінің ЖОЖ-ды бекітуі Platonus ақпараттар жүйесінде электрондық түрде жүзеге асырылады, онда ЖОЖ оқу мерзімінің соңына дейін сақталады.

6.12. Білім алушының ЖОЖ жүйеде жеке сәйкестендіру ID нөмірімен тіркеледі. Білім алушы Тіркеуші кеңсесінің келісімі бойынша теориялық оқыту басталғанға дейін БББ пәндер каталогы шеңберінде ЖОЖ-дың жекелеген пәндерін өзгертуге құқылы.

6.13. Ақылы білім беру қызметтерін көрсету шарты негізінде оқитын білім алушылар бір мезгілде оқыту ұзақтығын арттыра отырып, оқу жоспарында көзделгеннен аз пәндер санымен ЖОЖ қалыптастыра алады және тиісті шартты қайта жасасады.

6.14. Академиялық демалыстан оралған, оқуға қайта қабылданған немесе басқа ЖЖОКБҰ-дан ауысқан кезде Тіркеу кеңсесі білім алушыларды жеке өтініштеріне сәйкес бұрын қалыптастырылған пәндік топтарға тіркейді, бұл ретте білім алушылар саны аз топтарға артықшылық беріледі.

7. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

7.1. Университет инклюзивті білім беруді жүргізе отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алуы мен әлеуметтік бейімделуі үшін арнайы жағдайларды қамтамасыз етеді.

7.2. Инклюзивті білім беру профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің толеранттылығына негізделеді және білім алушының денсаулығына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, наным-сеніміне, туған жері мен тұрғылықты жеріне қарамастан барлық білім алушыларға тең қарым-қатынасты қамтамасыз етуге бағытталады.

7.3. Университеттің профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлері мен білім алушылары ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге қолдау көрсетіп, өзара құрмет пен достыққа негізделген қарым-қатынас орнатуы қажет.

7.4. Университеттің профессор-оқытушылар құрамы силлабус мазмұнына инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттарын енгізуі қажет. Бұл оқытушының барлық білім алушылар үшін қолайлы оқу ортасын қалыптастыруға бейімділігін көрсетеді.

7.5. Университет ешқандай кемсітушілік, қорлау, қудалау әрекеттеріне жол бермейді. Егер білім алушы осындай әрекеттерге тап болса эдвайзерге хабарлауы қажет. Әдеп қағидаттары мен нормаларын бұзушылардың тәртібі Университеттің Әдеп жөніндегі кеңесі отырысында қаралады.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	10-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

8. САБАҚҚА ҚАТЫСУ

8.1. Білім алушылар бекітілген оқу кестесіне сәйкес барлық оқу сабақтарына қатысуға міндетті. Сабақтан құжатпен расталмаған дәлелді себепсіз қалуға жол берілмейді

8.2. Сабақтан қалудың дәлелді себептеріне келесі жағдайлар жатады:

- Медициналық себептер – медициналық ұйымнан берілген анықтамамен расталуы тиіс. Анықтама студенттің денсаулық жағдайына байланысты сабаққа қатыса алмағанын көрсетіп, медициналық мекемеден шыққан күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде оқытушыларға ұсынылуы қажет;

- Оқу бойынша іссапар – университет тарапынан бұйрықпен расталған жағдайда;

- Іс-шараларға қатысу – университет әкімшілігінің алдын ала келісімімен;

- Құжатпен расталған өзге себептер – жақын туысының қайтыс болуы, төтенше жағдайлар және басқа да объективті себептер.

8.3. Білім алушыға пән бойынша жіберіп алған оқу сабақтарының саны жалпы сағаттың 50%-ынан аспаса, дәлелді себептермен жіберілген сабақтарды өтеуге рұқсат беріледі. Сабақтарды жіберіп алған білім алушы растайтын құжаттарды қоса отырып, академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының атына тиісті өтініш жібереді. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының деканының өкімімен сабақтарды өтеу үшін жеке кесте бекітіледі.

8.4. Егер білім алушы сабақтардың 50%-дан астамын дәлелсіз себеппен өткізіп алса, оған «F» – «қанағаттанарлықсыз» бағасы қойылып, қорытынды бақылауға жіберілмейді. Бірақ, білім алушының сабақтан қалуына құжатпен расталған нақты себептері болса, бұл ереже оған қолданылмайды.

8.5. Бір академиялық кезең (семестр) ішінде дәлелсіз себеппен 72 сағат немесе одан да көп оқу сабақтарын жіберіп алған білім алушылар, Тіркеуші кеңсе жетекшісінің ұсынысы негізінде университеттен шығарылады.

8.6. Денсаулық жағдайына байланысты 5 аптадан артық оқу сабақтарына қатыспаған білім алушылар [«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылдың 30 қазандағы №595 бұйрығына](#) сәйкес академиялық демалысты рәсімдеуге тиіс.

8.7. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелдік іссапардан оралған және іссапар қорытындысы бойынша академиялық қарызы бар білім алушылар академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының атына жеке оқу кестесі бойынша тиісті пәндерді оқу туралы өтініш береді. Сонымен қатар, олар академиялық қарыз болған пәндер бойынша қорытынды емтихандарды тапсыруы қажет.

9. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

9.1. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы игеретін білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылым саласының өзекті мәселесін

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	11-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

ғылыми жетекшінің басшылығымен дербес зерттеу болып табылады. Білім алушы орындалған ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша ғылыми мақалаларды ғылыми басылымдарда жариялайды және бітіру жұмысы (дипломдық жұмыс, магистрлік диссертация, докторлық диссертация) қорытындысын көпшілік алдында қорғауға ұсынады.

9.2. Ғылыми-зерттеу жұмысын орындау үшін магистранттар мен докторанттар ғылыми-зерттеу жұмысының жеке жоспарын, практикадан өту жоспарын, диссертация тақырыбының негіздемесі мен құрылымын, диссертацияны орындау жоспарын, ғылыми жарияланымдар жоспарын, сондай-ақ ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалардың жоспарын қамтитын бүкіл оқу кезеңіне арналған жеке жұмыс жоспарларын жасайды және бекітеді.

9.3. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысын орындау кредиттері оқу семестрлері арасында бөлінеді.

9.4. Әрбір академиялық кезеңнің соңында магистранттар мен докторанттар ғылыми жетекшінің кафедра отырысында атқарылған ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша есеп ұсынады. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша аралық аттестаттау «Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы» және «Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы» рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

9.5. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыру және өтуі «Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениет университетінің магистратура туралы Ережесімен», «Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениет университетінің докторантура туралы Ережесімен», «Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениет университетінің академиялық ұтқырлық туралы Ережесімен» реттеледі.

9.16. Білім алушылар жеке оқу жоспары мен академиялық күнтізбеге сәйкес ғылыми зерттеу жүргізуге, практикалар мен тағылымдамаларды орындауға, сондай-ақ бітіру жұмысын (дипломдық жұмыс, диссертация) көпшілік алдында қорғауға дайындауға байланысты барлық жұмыстардың уақтылы және сапалы орындалуына жеке жауапкершілік алады.

9.7. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері қанағаттанарлықсыз деп танылған білім алушылар келесі академиялық кезеңде тиісті кредиттерді ақылы негізде қайта игереді.

9.8. Ғылыми жетекшілерді/кеңесшілерді тағайындауға қатысты мәселелер, магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу рәсімдері келесі ішкі құжаттармен реттеледі:

- Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениет университетінің магистратура туралы Ережесі;
- Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениет университетінің докторантура туралы Ережесі;
- Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениет университетінде дипломдық жұмыстардың жетекшілеріне қойылатын біліктілік талаптары ережесі;

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	12-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

- Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениет университетінде магистрлік диссертациялардың ғылыми жетекшілеріне қойылатын біліктілік талаптары ережесі;

- Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениет университетінде докторанттардың ғылыми жетекшілеріне/консультанттарына қойылатын біліктілік талаптары ережесі;

- Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениет университеті ғалымының әдеп кодексі.

10. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

10.1. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау және күтілетін оқыту нәтижелерін қалыптастыру мақсатында келесі бақылау түрлері қолданылады:

1) Ағымдағы бақылау – академиялық кезең ішінде оқытушының силлабусқа сәйкес өткізілетін сабақтарда білім алушылардың білім деңгейін үнемі бағалап отыруы.

Ағымдағы бақылау тапсырмаларының саны мен күрделілік деңгейіне қарай берілетін баллдар пәннің силлабусында апталар бойынша бөлініп көрсетіледі.

Ағымдағы бақылаудың бағалары оқытушымен Platonus ақпараттық жүйесінде үлгерім журналына қойылады.

Аттестаттау аптасында қойылатын балл саны силлабуста көрсетілген шекті мәннен аспауы қажет.

2) Аралық бақылау – академиялық күнтізбеге сәйкес оқу пәні шеңберіндегі білім алушылардың оқу үлгерімін бағалау процесі.

Университетте екі аралық бақылау (АБ-1, АБ-2) белгіленген:

АБ-1 семестрдің алғашқы 7 аптасында, АБ-2 15-ші аптасында өткізіледі.

Аралық бақылау бағасы Platonus ақпараттық жүйесіндегі аралық бақылау тізімдемесіне академиялық күнтізбеде көрсетілген тиісті аттестаттау аптасының жексенбі күні сағат 23.59-ге дейін қойылады.

Ағымдық және аралық бақылау формаларын оқытушы анықтап, оларды пәннің силлабусына енгізеді және білім алушыларға алдын ала хабарлайды.

3) Қорытынды бақылау – академиялық күнтізбеге сәйкес оқу пәні шеңберіндегі білім алушылардың оқу үлгерімін қорытынды бағалау процесі.

Қорытынды бақылау қорытынды емтихан формасында жүзеге асырылады.

Пән бойынша қорытынды емтихан ұзақтығы 2 аптадан кем емес емтихан сессиясы кезеңінде өткізіледі. Қорытынды бақылау жауапкершілігі пән оқытушысына жүктеледі.

Әрбір оқу пәні бойынша қорытынды емтиханның формасы мен өткізу платформасын оқытушы айқындайды, оны пәннің силлабусы мен Platonus ақпараттық жүйесіне енгізеді, академиялық кезең басталғаннан кейін бір ай мерзімнен кешіктірмей білім алушылардың назарына жеткізеді.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	13-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

Қорытынды бақылау бағаларын оқытушы Platonus ақпараттық жүйесіне емтихан аяқталғаннан кейін 48 сағат ішінде енгізеді.

Қорытынды бақылауды тапсырғаннан кейін АБ-1 және АБ-2 балдарын өзгертуге жол берілмейді.

10.2. Оқу нәтижелерін бағалау университеттің оқу нәтижелерін бағалау ережесіне сәйкес жүргізіледі.

10.3. Пән бойынша қорытынды баға ағымдағы бақылаудың – 30%, аралық бақылаудың – 30% және қорытынды емтиханның – 40% құрайды.

10.4. Бақылаудың барлық түрлері 100 балдық шкала бойынша бағалауды қамтиды.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ке аударып, оларды есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент	Балдар (%-дық құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

10.5. Қазақ, орыс және шетел тілдері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлік модельге және ECTS-ке аудару және дәстүрлі шкалаға сәйкес шет тілдері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағаланады. Тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы шет тілін (A1, A2, B1, B2, C1, C2) меңгерудің жалпыеуропалық құзыретіне сәйкес есептеледі ([Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы](#)).

10.6. Пәнге тыңдаушы ретінде тіркеліп, қорытынды баға алмай қатысқан білім алушыларға «Audit» (AU) – «тыңдалды» бағасы қойылады. Тыңдаушылар қатарында университет студенттері де, оқу ақысын төлеп, бірақ университеттің білім алушылары қатарына кірмейтін тұлғалар да болуы мүмкін. Пәндерді тыңдау университетте белгіленген тариф бойынша толық көлемде төленеді. «Audit» (AU) – «тыңдалды» бағасы оқу нәтижелері негізінде

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	14-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

білім алушының транскриптіне енгізілуі мүмкін және басқа жоғары оқу орнына тапсырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда пәнді транскриптке енгізу үшін бітіртуші кафедра ұсыныс әзірлейді. Ұсыныста пән атауы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде, сондай-ақ кредит саны көрсетілуі тиіс. Ұсынысқа білім алушының жеке өтініші қоса тіркеледі.

10.7. Егер білім алушы семестр барысында аралық бақылаудан кемінде 50 балл жинап, емтиханға дәлелді себеппен қатыса алмаса, растайтын құжаттар негізінде «I» (Incomplete) – «аяқталмаған» бағасы қойылады.

10.8. Қорытынды бақылауға ағымдағы бақылаудың, екі аралық бақылаудың орташа көрсеткіші бойынша кемінде 50 балл $AO \times 0,3 + ((AB-1 + AB-2)/2) \times 0,3$ жинаған білім алушылар жіберіледі. Қорытынды емтиханның ең жоғары бағасы – 100 балл.

10.9. Қорытынды бақылауға (емтиханға) келесі санаттағы білім алушылар жіберілмейді:

- ағымдағы орташа бақылау нәтижесі бойынша ($OA \times 0,3$);
- аралық бақылау нәтижесі бойынша 50 балдан төмен жинаған білім алушылар $(AB1+AB2)/2$;
- дәлелді себепсіз пән бойынша сабақтардың 50%-дан астамын өткізіп алған білім алушылар;
- оқу, жатақхана төлемі бойынша берешегі бар білім алушылар.

10.10. Пән бойынша қорытынды емтиханды тапсырмаған білім алушы «I» бағасын алу үшін емтихан өткізілген күннен немесе денсаулық жағдайына байланысты қатыса алмағандығы туралы анықтама берілген күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, емтиханды кейін өткізу себептерін және растайтын құжаттардың түпнұсқаларын қоса отырып, академиялық департамент директорына өтініш ұсынады.

Растау құжаттары танылғаннан кейін білім алушыға «I» бағасы қойылады және емтихан сессиясынан кейінгі кезеңде емтихан тапсырудың жеке кестесі белгіленеді.

Егер «Incomplete» («I») бағасы бар білім алушы сессия аяқталғаннан кейінгі 30 күн ішінде барлық талаптарды орындамаса, тіркеуші кеңсесі «I» бағасын «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасына ауыстырады.

Пән бойынша қорытынды бақылау нәтижесімен келіспейтін білім алушы Platonus ақпараттық жүйесінде емтихан нәтижелері енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Оқу нәтижелерін бағалау ережелеріне сәйкес дәлелді жазбаша өтініш беруге құқылы.

10.11. «AU» және «F» бағалары пәнді қайта өту арқылы өзгертілуі мүмкін, алайда транскриптке бастапқы және өзгертілген бағалар екеуі де көрсетіледі. GPA есептеуі соңғы алынған баға негізінде жүргізіледі.

10.12. «Fx» (25-49) балл диапазонында қойылған «қанағаттанарлықсыз» бағасы болған жағдайда, білім алушы осы емтихан сессиясынан кейін арнайы белгіленген уақытта оқу пәні қайта өтпей, ақылы негізде қорытынды бақылауды қайта тапсыру құқығына ие болады.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	15-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

Шет тілдері бойынша 0-49 балл алған жағдайда ([Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес](#)) бұл баға «F»-ке теңестіріледі және білім алушы ақылы негізде аталған пәнге қайта жазылады, барлық оқу сабақтарына қатысады, оқу бағдарламасына сәйкес тапсырмалардың барлық түрін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

10.13. Басқа жоғары оқу орнынан ауысып келген немесе оқуға қайта қабылданған жағдайда, бұрын алынған «F» («қанағаттанарлықсыз») бағалар Platonus ақпараттық жүйесіне академиялық тарих ретінде енгізіледі және «қайта тапсыру» ретінде рәсімделеді.

10.14. «FX» қайта тапсыру кезінде «F» немесе тағы «FX» бағасын алған жағдайда білім алушы ақылы негізде осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

10.15. Егер білім алушы белгіленген мерзімде «FX» бағасын қайта тапсыруға келмесе, аталған баға «F» (қанағаттанарлықсыз) бағасына ауыстырылады және бұл пән бойынша академиялық қарыз ретінде есептеледі. Бұл қарызды жою үшін білім алушы келесі семестрде/триместрде оқу сабақтарының барлық түрлерін ақылы негізде қайта оқып, оқу жұмысының барлық түрлерін орындауы қажет, соңынан пән бойынша қорытынды емтихан тапсырады.

10.16. «FX» бағасымен емтиханды қайта тапсыруға тек бір рет қана рұқсат етіледі. Емтихан нәтижелеріне апелляция жасау және «I» бағасын стандартты бағаға ауыстыру мақсатында емтихан тапсырған білім алушылар үшін «FX» бағасын қайта тапсыру жоғарыда көрсетілген тәртіп бойынша жүргізіледі. Егер білім алушы бағалауды түзетуге арналған белгіленген мерзім аяқталмай тұрып университеттен шықса, «I» бағасы транскриптте өзгеріссіз қалады.

10.17. Қорытынды бақылау жүргізу ережелерін бұзған білім алушыға (мысалы, рұқсат етілмеген қосалқы құралдарды, ұялы телефондарды пайдалану, себепсіз кешігу және т.б.) тәртіп бұзушылық туралы кезекші оқытушының жасаған акт негізінде автоматты түрде «F» бағасы қойылады.

Акт шағымдануға және апелляцияға жатпайды.

Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларының бұзылғаны туралы мәліметтер білім алушының транскриптіне енгізіледі. Қорытынды бақылау жүргізу ережелерін қайталап бұзған білім алушы тәртібі Әдеп жөніндегі кеңес отырысында қаралады.

10.18. Білім алушы «F» бағасын алған жағдайда, пәндерді ақылы негізде қайта оқуға (Retake) құқылы болады. Retake бойынша сабақ басталғаннан кейін білім алушы пәннен бас тартуға құқылы емес; егер пәннен бас тарту орын алса, білім алушыға пән бойынша «F» бағасы қойылады. Пәнге төленген төлем қайтарылмайды.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	16-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

10.19. Таңдау компонентінің пәні бойынша қанағаттанарлықсыз бағаланған білім алушы белгіленген тәртіпке сәйкес сол пәнді қайта оқуға немесе сол компоненттің басқа элективті пәніне ауысуға құқылы. Пәнді ауыстыру эдайзермен және Тіркеуші Кеңсесімен келісілген болуы тиіс.

10.20. Оқуға ақы төлеу бойынша қарызы бар білім алушылар қорытынды емтихандарға жіберілмейді. Олар қаржылық қарызын өтеуі тиіс және емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін 30 күнтізбелік күн ішінде емтихан тапсырып, бағаларын тиісті тізімге енгізуі қажет. Егер бұл талап орындалмаса, білім алушы академиялық саясатты бұзғаны үшін университеттен шығарылуға ұсынылады.

10.21. Курс бағдарламасын толық орындаған, бірақ ең төменгі өту балын жинай алмаған білім алушыларға GPA-ны жоғарылату мақсатында жазғы семестрде жекелеген пәндерді ақылы негізде қайта оқуға және қорытынды емтихандарды қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.

10.22. GPA жинаған білім алушылар проректор бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылады. Курстан курсқа ауысу үшін талап етілетін GPA балын университеттің Ғылыми кеңесі белгілейді. GPA жинамаған білім алушы ақылы негізде қайта оқу курсына қалады.

10.23. Мемлекеттік білім беру гранттарының иегерлері қайта оқу курсына қалдырылған жағдайларда білім беру грантынан айырылады және әрі қарай оқуды тек ақылы негізде жалғастырады.

10.24. Білім алушылар қайта оқуға келесі жағдайларда тіркеледі:

- академиялық қарыз болған жағдайда – қорытынды бақылау нәтижесі бойынша «қанағаттанарлықсыз» бағасы бар пәндері болған жағдайда;
- басқа жоғары оқу орнынан немесе басқа БББ-дан ауысу кезінде, білім алушылар контингентіне оқудан шығарылғаннан кейін қайта қабылдану, ұзақ мерзімді шетелдік іссапар немесе академиялық демалыс кезінде академиялық айырмашылық пәндері болған кезде;
- GPA үлгерімінің орташа балын арттыру үшін.

10.25. Жазғы семестрді қоса алғанда, ағымдағы оқу жылы ішінде толығымен жойылмаған жұмыс оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылық академиялық қарыз ретінде есептеледі және білім алушыны ақылы негізде қайта оқу курсына ауыстырудың негізі болып табылады.

10.26. Кредиттердің рұқсат етілген санынан асатын академиялық қарызы болған жағдайда, университеттің жазғы семестрінде оқуға тіркелген жағдайда, білім алушы кредиттерді одан әрі қайта есептей отырып, өзге ЖЖОКБҰ-дағы пәндерді игеруге құқылы.

10.27. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын студенттер аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижесінде барлық емтихандарды «А», «А-», «В+», «В», «В-», «С+» бағаларымен тапсырса, оларға мемлекеттік стипендия беріледі.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	17-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

«FX»-ті оң бағаға қайта тапсыру фактісі стипендия тағайындауға әсер етпейді.

10.28. Транскриптте білім алушының барлық қорытынды бағалары, соның ішінде қайта емтихан тапсыру нәтижелері де толық қамтылады. Техникалық (оның ішінде адами факторға байланысты) және/немесе жүйелік қателерден басқа, транскриптте көрсетілген оқу жетістіктерінің тарихын транскриптті беру кезінде өзгертуге және/немесе жоюға жол берілмейді. Қателерді түзетуге қатысты мәселелер кафедраның ресми ұсынысы және тиісті растайтын құжаттардың негізінде, проректордың рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

10.29. Пән бойынша қорытынды баға білім алушының ағымдағы орташа бақылау, аралық бақылау және қорытынды бақылау бойынша оң бағалары болған жағдайда ғана есептеледі. Қорытынды баға келесі формулалар бойынша анықталады:

$AO \times 0,3 + (AB-1 + AB-2) / 2 \times 0,3 + (QE \times 0,4)$ мұндағы АО-ағымдағы орташа, AB-1 және AB-2 – аралық бақылау бағалары, QE – қорытынды емтихан бағасы.

10.30. Емтихан сессияларының ұзақтығы мен емтихандар саны БББ бекітілген жұмыс оқу жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалады. Білім алушылар барлық емтихандарды пәндердің бекітілген оқу бағдарламалары бойынша жұмыс және жеке оқу жоспарына қатаң сәйкестікте тапсыруы тиіс.

10.31. Оқу жұмыс жоспарының талаптарын орындамаған, белгіленген GPA өту балын жинамаған, сондай-ақ барлық академиялық қарыздарын күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін жоймаған білім алушылар білім беру грантынан айырыла отырып, ақылы негізде келесі оқу жылына қалдырылады.

10.32. Қайта оқу жылына қалдырылған және ағымдағы жылдың 10 қыркүйегіне дейін ақылы негізде білім алу туралы шарт жасаспаған білім алушылар оқу орнынан шығарылады.

10.33. Университеттің барлық білім алушылары қорытынды бақылауды (емтихан сессиясын) ұйымдастыру және өткізу қағидаларымен, сондай-ақ қорытынды бақылау кезінде білім алушылардың мінез-құлқына қойылатын талаптарды айқындайтын академиялық адалдық саясатының ережелерімен міндетті түрде танысуы тиіс.

Білім алушылардың жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттармен уақтылы танысуына жауапкершілік бітіртуші кафедраға жүктеледі.

10.34. Емтихан сессиясын ұйымдастыру және өткізу жауапкершілігі факультетке және Тіркеу кеңсесіне жүктеледі.

11. КӘСІБИ ПРАКТИКА

11.1. Білім алушылар БББ меңгеру барысында БББ оқу жоспарларында белгіленген кәсіби практикадан өтеді.

11.2. Кәсіби практиканың негізгі және міндетті түрлері: оқу, өндірістік, педагогикалық, дипломалды.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	18-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

11.3. Практиканың барлық түрлері практика жетекшілерінің басшылығымен ұйымдастырылып, өту шарттарына қойылатын негізгі талаптарды қамтитын практика бағдарламаларына сай өткізіледі.

11.4. Практика бағдарламасын бітіртуші кафедра БББ бейініне, оқытудың күтілетін нәтижелеріне және практика базасының сипатына қарай әзірлейді, ал факультеттің академиялық сапа комитеті оны бекітеді. Өндірістік практика бағдарламалары қолда бар келісім-шарттарға сәйкес практика базаларымен келісіліп жүргізіледі.

11.5. Білім алушылардың оқу практикасы университет базасында немесе мекемелер мен ұйымдарда ұйымдастырылады.

11.6. Ұйымдардың базасында білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізу туралы ұйымдармен уақытылы келісім-шарттар жасауға, практика базасының БББ бейіні мен оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге және практиканың тағайындалған жетекшілерінің жұмысын бақылауға бітіртуші кафедра меңгерушісі жауапты болады.

11.7. Практика жетекшілері және Тәжірибе және мансап орталығы кәсіптік практиканы уақытылы және сапалы ұйымдастыруға жауапты, білім алушы-практиканттардың практика күнделіктерін уақытылы толтыруын қадағалайды, білім алушыларға практикаға байланысты барлық мәселелер бойынша кеңес береді және Platonus жүйесіне аттестаттау тізімдемесін енгізе отырып, практика нәтижелерін аттестаттауды жүзеге асырады.

11.8. Білім алушылар кәсіптік практика базасын өз бетінше іздестіруге және практиканың болжамды базасы БББ бейіні мен оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкес болған жағдайда практикадан өту туралы келісім-шарт жасасуға бастамашылық етуге құқылы.

11.9. Практикаларды өткізу мерзімдері БББ оқу жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес белгіленеді.

11.10. БББ оқу жоспарларында практиканың әрбір түріне сәйкес келетін кредиттер саны белгіленеді. Білім алушылар практиканың тиісті түріне тіркеліп, ЖОЖ-ға енгізіледі.

11.11. Білім алушы практика нәтижелерін жазбаша есеп түрінде рәсімдейді және оны академиялық күнтізбеге сәйкес аралық аттестаттаудың тиісті кезеңінде бітіртуші кафедра комиссиясының отырысында қорғайды.

11.12. Білім алушылардың практикадан өту нәтижелері теориялық оқытудағы бағалаумен теңестіріледі, стипендия тағайындау мәселесін қарау барысында, сондай-ақ жалпы GPA есептеу және келесі оқу жылына ауыстыру кезінде ескеріледі және практика бойынша тізімдемеге енгізіледі.

11.13. Практиканың жалпы қорытындысы практика базалары өкілдерінің қатысуымен Академиялық сапа комитеті отырысына шығарылады.

11.14. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура мен докторантураның БББ практикалары екі түрді қамтиды:

- педагогикалық – білім беру ұйымында өтеді;
- зерттеу – диссертацияны орындау орны бойынша жүргізілетін практика.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	19-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

Магистратура мен докторантураның педагогикалық практикасының мақсаты жоғары оқу орындарындағы ғылыми-педагогикалық қызметке дайындық болып табылады.

Педагогикалық практика теориялық оқыту кезеңінде оқу процесінен үзіліссіз өткізілуі мүмкін.

Зерттеу практикасы ғылымның жаңа әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен, сондай-ақ диссертациялық зерттеу үшін практикалық және фактологиялық материалдарды жинау мақсатында жүргізіледі.

11.15. Педагогикалық практиканың нәтижелері кафедра отырысында талқыланып, білім алушылар баяндамалар мен хабарламалар жасайды. Педагогикалық практика бойынша қорытынды бағаны педагогика және психология пәндерінің оқытушылары мен бітіртуші кафедраның практика жетекшісінен құралған комиссия қояды және кафедра отырысынан кейін 5 күнтізбелік күн ішінде Platonus ақпараттық жүйесіне енгізеді. Педагогикалық практиканың нәтижелерін білім алушы бітіртуші кафедра комиссиясының отырысында қорғайды, оның құрамына кафедраның практика жетекшісі және БББ-ға байланысты Педагогика мен психология пәндерінің оқытушылары кіреді.

11.16. Білім алушылар ЖОЖ-ға және академиялық күнтізбеге сәйкес кәсіптік практиканың барлық түрлерінен және практика нәтижелерін аттестаттаудан уақтылы өтуге міндетті.

12. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ЖӘНЕ КРЕДИТТЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ

12.1. Академиялық ұтқырлық - білім алушыларды белгілі бір академиялық кезеңге басқа оқу немесе ғылыми мекемеге (өз елінде немесе шетелде) оқуға, оқытуға, зерттеуге ауыстыру.

Сыртқы академиялық ұтқырлық - білім алушылардың шетелдік білім беру немесе ғылыми мекемелерде білім беру бағдарламаларын меңгеруі және жүзеге асыруы.

Ішкі академиялық ұтқырлық - жетекші қазақстандық университеттер мен ғылыми орталықтарда білім алушылардың білім беру бағдарламаларын игеруі және жүзеге асыруы. Білім алушылардың ішкі академиялық ұтқырлығы әріптес жоғары оқу орнымен академиялық ұтқырлық шеңберінде келісім-шарт болған жағдайда Қазақстан Республикасы шегінде іссапар түрінде жүзеге асырылады.

12.2. Академиялық ұтқырлық бағдарламаларына бакалавриаттың 2-3 курс білім алушылары және 1 курс магистранттары қатыса алады. Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға үміткерлер жақсы академиялық көрсеткіштерге және шет тілін жоғары деңгейде меңгеруге тиіс.

12.3. Үміткерлер конкурстық іріктеуге қатысу үшін Университеттің Халықаралық бөліміне өтініш беруі керек. Сондай-ақ шет тілін білу туралы

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	20-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

халықаралық сертификат (B2 деңгейінен кем емес), транскрипт (GPA балы кемінде 2.5) және төлқұжаттық түрлі түсті көшірмесін тапсыру керек.

12.4. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында басқа оқу орнында оқитын пәндер тізбесі университеттің білім беру бағдарламасы мен оқу жоспарын ескере отырып, білім алушы және бітіртуші кафедраның келісімімен анықталады, кейіннен кредиттері қайта есептеледі.

12.5. Кредиттерді қайта есептеуді білім алушының өтініші және растайтын құжаттарымен бітіртуші кафедра ұсынысы негізінде Тіркеуші кеңсесі жүзеге асырады.

12.6. Бітіртуші кафедра оқылған пәндердің көлемі мен мазмұнының немесе жүргізілген зерттеу жұмыстарының университеттің оқу жоспарының талаптарына сәйкестігін объективті түрде анықтауға жауапты.

12.7. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алушының оқуын растайтын негізгі құжат – транскрипт немесе оның баламасы болып табылады. Онда оқу бағдарламасы туралы мәліметтер: пәндер (модульдер) атауы, бағалар және игерілген академиялық кредиттер саны көрсетіледі.

12.8. Басқа білім беру ұйымдарынан қайта есепке алуға рұқсат етілетін кредиттердің ең көп саны бір оқу жылында Қазақстан Республикасының басқа ЖЖОКБҰ-да оқытылатын пәндер айырмашылығы үшін оқу жоспарының 20%-нан аспауы тиіс.

12.9. Шетелдік білім беру ұйымдарынан қайта есепке алуға жіберілетін кредиттердің ең көп саны шетелдік ЖЖОКБҰ рейтингі мен БББ бейіні ескеріле отырып, жеке тәртіппен белгіленеді.

12.10. Академиялық немесе кредиттік ұтқырлық бағдарламасы аясында басқа ЖЖОКБҰ-да оқуға жіберу, қаржыландыру көзіне қарамастан, тиісті оқу семестрі басталғанға дейін 10 күн бұрын ресімделіп, бұйрықпен бекітіледі.

12.11. Халықаралық академиялық ұтқырлыққа қатысу үшін (республикалық бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалардан бөлек) білім алушы қабылдаушы білім беру ұйымы талап еткен деңгейде шет тілін білуі тиіс.

13. ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

13.1. Қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбе мен БББ-ның оқу жоспарларында белгіленген мерзімдерде өткізіледі.

13.2. Қорытынды аттестаттауды өткізу формалары мен рәсімін даярлау бағыттары бойынша академиялық сапа комитеттерінің ұсынуы бойынша Проректор бекітеді.

13.3. Дипломдық жұмыстарға басшылық етуді бейіні бойынша оқытушылар жүзеге асырады.

13.4. Магистранттар мен докторанттардың қорытынды аттестаттауы магистрлік диссертацияны, докторлық диссертацияны жазу және қорғау арқылы жүзеге асырылады. Докторанттар дәрежелер беру ережесіне сәйкес бірқатар мақалалар бойынша да қорғау мүмкіндігіне ие болады.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	21-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

13.5. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін БББ бойынша барлық оқыту түрлері мен дайындық бағыттары бойынша Аттестаттау комиссиясы құрылады.

13.6. Кафедра меңгерушісі 15 қазанға дейін бітіретін мамандардың БББ бейініне сәйкес келетін, бірақ университетте жұмыс істемейтін аттестаттау комиссиялары төрағаларының кандидатураларын ұсынады.

13.7. Аттестаттау комиссиялары төрағаларының кандидатуралары проректордың бұйрығымен күнтізбелік жылдың 1 қарашасынан кешіктірілмей бекітіледі.

13.8. Бітіру курсының магистранттары қорытынды аттестаттауға проректор бұйрығымен, аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей рұқсат алады. Қорытынды аттестаттауға жұмыс пен оқу бағдарламаларын толық аяқтап, ғылыми жетекшіден қорғауға рұқсат алған білім алушылар жіберіледі.

13.9. Жұмыс пен оқу бағдарламаларының талаптарын орындамаған бітіруші курс білім алушылары жазғы семестрсіз қайта оқу курсына қалдырылады.

13.10. Аттестаттау комиссияларының жұмыс кестесін факультет деканы бекітеді және қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей хабарлайды.

13.11. Бакалавриат пен магистратурада қорытынды аттестаттау Аттестациялық комиссияның ашық отырысында өткізіледі. Докторлық диссертацияны қорғау диссертациялық кеңестің отырысында жүзеге асырылады.

13.12. Бакалавриат білім алушысы кешенді емтихан тапсыру немесе дипломдық жұмыс қорғау түрін таңдауға құқылы.

13.13. Магистрлік диссертация тақырыбы бойынша білім алушының кемінде бір ғылыми басылымы жариялануы тиіс.

13.14. Қорытынды аттестаттаудан өту үшін орындалған жазбаша жұмыстар қорғауға дейін Strike Plagiarism жүйесінде міндетті түрде плагиатқа тексеріледі. Плагиатқа тексеру жүргізу тәртібін бітіруші кафедра мен факультет деканаты айқындайды.

13.15. Білім алушы ғылыми жетекшінің оң пікірі болған жағдайда ғана бітіру жұмысын (дипломдық жұмыс, магистрлік немесе докторлық диссертация) қорғайды. Егер ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген теріс қорытынды берсе, білім алушы бітіру жұмысын қорғамайды және қорытынды аттестаттауға жіберілмеген ретінде университеттен шығарылады. Кешенді емтихандар немесе дипломдық жұмысын қорғау нәтижелері сол күні жарияланады. Қорғауды бағалау, дәреже беру және мемлекеттік немесе үлгілі (үздік/үздік емес) диплом беру туралы шешімді аттестаттау комиссиясы қабылдайды.

13.16. Білім алушының денсаулық жағдайына байланысты қорытынды аттестаттау мерзімін ауыстыру туралы шешім растайтын құжаттар негізінде

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	22-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

аттестаттау комиссиясының төрағасымен қабылданады. Бұл жағдайда білім алушы қорытынды аттестация мерзімі аяқталғанға дейін қайта тапсыруға құқылы.

13.17. Бағаны көтеру мақсатында қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға жол берілмейді.

13.18. Қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушыларға осы кезеңде қорытынды аттестаттаудан қайта өтуге рұқсат етілмейді.

13.19. Қорытынды аттестаттаудан «қанағаттанарлықсыз» баға алғаннан кейін ұсынылған денсаулық жағдайы туралы құжаттар аттестаттау комиссиясы тарапынан қаралмайды. Мұндай баға алған білім алушылар Университеттен оқудан шығарылады.

13.20. Қайта қорытынды аттестаттау тек алдыңғы кезеңде «қанағаттанарлықсыз» баға алған қорытынды аттестаттау формалары бойынша келесі кезеңде өткізіледі, бакалавриат деңгейіндегі білім алушының жеке өтініші қарастырылады. Бұл ретте осы емтихандарды тапсырмаған адамдар үшін кешенді емтихандарға шығарылатын пәндер тізбесі теориялық курсты аяқтаған жылы қолданыста болған бекітілген оқу жұмыс жоспарымен анықталады.

13.21. Қорытынды аттестаттаудан қайта өту үшін университеттен шығарылған білім алушы келесі оқу жылының қорытынды аттестаттауы басталғанға дейін бір ай бұрын проректордың атына рұқсат беру туралы өтініш жазады.

13.22. Білім алушы қорытынды аттестаттауды тек ақылы негізде қайта тапсыруға жіберіледі.

13.23. А, А- «өте жақсы», В -, В, В+, С+ «жақсы» бағаға емтихан тапсырған және үлгерімінің орташа балы (GPA) 3,5-тен төмен емес, сондай-ақ кешенді емтихан тапсырған немесе диплом жұмысын (жобасын) А, А- «өте жақсы» бағаға тапсырған жоғары білім беру бағдарламасы бойынша оқыған білім алушыға үздік диплом беріледі (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда). Бұл ретте оқудың барлық кезеңі ішінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырған немесе қайталап тапсырған білім алушыға үздік диплом берілмейді.

13.24. Докторантура білім беру бағдарламасының теориялық оқу курсын толық меңгеріп, бірақ ғылыми-зерттеу жұмысын орындамаған докторантқа ғылыми-зерттеу жұмысын қайта игеруге және кейінгі жылдары диссертацияны ақылы түрде қорғауға мүмкіндік беріледі.

13.25. Докторантура білім беру бағдарламасының теориялық оқытудың толық курсын меңгерген, докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысын орындаған, бірақ докторлық диссертацияны қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері мен академиялық кредиттер беріліп, бітіргеннен кейін екі жыл ішінде тегін негізде, ал кейінгі жылдары кемінде 8 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде диссертацияны қорғауға мүмкіндік беріледі.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	23-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

Бұл ретте бітіргеннен кейін 3 жыл өткен соң докторант ақылы негізде диссертациялық зерттеудің (research proposal) ғылыми негіздемесі қайта бекітілгеннен кейін ғана қорғауға жіберіледі.

14. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ

Университетке ауысу және қайта қабылдау

14.1. Білім алушы бір университеттен екінші университетке, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға немесе оқудың бір формасынан екіншісіне ауысуға құқылы.

14.2. Білім алушы оқудан шығарылған мерзіміне қарамастан кез келген ЖЖОКБҰ-ға ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

14.3. Төтенше жағдай енгізілген жағдайда, Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, соғыс уақыты туындаған жағдайда, сондай-ақ оқу еліндегі қарулы, әскери қақтығыстар жағдайында Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауыстыру және қайта қабылдау оқу жылы [Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына](#) сәйкес жүзеге асырылады.

14.4. Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың жазғы демалыс және қысқы демалыс кезеңінде теоретикалық оқу басталғанға дейін 7 күн бұрын жүзеге асырылады. Университет білім алушылары қатарына ауыстыру және қайта қабылдау проректордың бұйрығымен жүргізіледі.

14.5. Білім алушылар оқу жоспарына сәйкес бірінші академиялық кезеңді толық әрі сәтті аяқтаған жағдайда, оқудан шығарылғаннан кейін ауысуға немесе қайта қабылдануға құқылы. Ал бірінші семестрде бір немесе одан да көп «қанағаттанарлықсыз» бағасы бар тұлғаларға ауысуға және қайта қабылдануға рұқсат етілмейді.

14.6. Білім алушыны ауыстыру кезінде Университет БББ-ның дайындық бағыты мен бейінін, сондай-ақ білім алушының оқу жетістіктерін ескереді.

14.7. Білім алушы шетелдік білім беру ұйымынан ауыстырылған немесе қайта қабылданған кезде меңгерілген оқу бағдарламалары туралы (академиялық анықтама, транскрипт), сондай-ақ белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтуге тиіс алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны туралы құжатты ұсынады.

Бірінші семестр/триместр аяқталғаннан кейін шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауысу кезінде оқуға даярлық деңгейін анықтау үшін қосымша емтихан рәсімі жүргізіледі (университетте іске асырылатын ББТ бойынша оқуға түсушілер үшін айқындалған ҰБТ бейінді пәндері бойынша білім деңгейінің сәйкестігі).

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	24-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

Білім туралы құжаттарды тану рәсімінен мынадай тұлғалар өтпейді:

- «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлері;

- танудан босататын халықаралық шарттарға (келісімдерге) қол қойған елдердің білім беру ұйымдарының білімі туралы құжаттардың иегерлері (1992 жылдың 15 мамырдағы «Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы» ТМД-ның келісімі;

2014 жылдың 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт.

14.8. Білім алушының шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобынан басқа білім беру бағдарламаларының тобына ауысуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленген өту балынан төмен емес балы бар ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты болған жағдайда жүзеге асырылады.

14.9. Қазақстан Республикасында жалпы орта (орта жалпы) немесе техникалық және кәсіптік білім алған тұлғалар шетелдік ЖЖОКБҰ-дан ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде шетелдік ЖЖОКБҰ-ға түсу сынақтарының нәтижелерін ұсынады.

14.10. Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде олардың оқу курсы академиялық айырмашылықтар мен пререквизиттерге сәйкес анықталады. Бұл ретте академиялық айырмашылық 30 академиялық кредиттен аспауы тиіс. Академиялық айырмашылықты жоюды негізгі және жазғы семестр шеңберінде ұйымдастыруда академиялық айырмашылықтың көлемі 45 академиялық кредитке дейін ұлғаюына жол беріледі.

14.11. Басқа ЖЖОКБҰ-дан университетке білім берудің барлық деңгейлерінде бітіру курстарына ауысуға жол берілмейді.

14.12. Магистранттар мен докторанттардың басқа ЖЖОКБҰ-да оқыған элективті пәндерді қайта есептеу үшін ауыстыру кезінде олардың университет БББ сәйкес дайындық мазмұнына сәйкестігі анықталуы тиіс. Олай болмаған жағдайда оқу жоспарларындағы белгіленген тәртіппен жойылуға жататын айырмашылық рәсімделеді.

14.13. Академиялық айырмашылық оқу жұмыс жоспарындағы пәндер мен білім алушының транскрипті немесе анықтамасындағы оқыған пәндер, бағдарламалары және кредиттері негізінде анықталады.

14.14. Академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушы тиісті пәндерге жазылып, оқу кезеңінде барлық сабақтарға қатысып, ағымдағы және аралық бақылау тапсырмаларын орындап, қорытынды бақылауға қатысуға рұқсат алады.

14.15. Академиялық айырмашылықты жою білім беру грантын сақтай отырып, басқа ЖЖОКБҰ-дан ауысу жағдайларын қоспағанда, ақылы негізде

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	25-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

жүзеге асырылады. Бұл ретте білім алушыға академиялық айырмашылық пәндерін бірінші оқу жылы ішінде тегін оқуға бір реттік мүмкіндік беріледі.

14.16. Университетке ауысқаннан кейін бірінші оқу жылында жойылмаған академиялық айырмашылықтар ақылы негізде жойылуға жататын академиялық қарызға ауыстырылады.

14.17. Басқа ЖЖОКБҰ-дан ауыстырылған білім алушыларға мемлекеттік стипендия өткен семестрдің қорытындысы бойынша тағайындалады.

14.18. Университетке шарт негізінде немесе грантты сақтай отырып ауысу үшін білім алушының ҰБТ немесе КТ сертификаты түсу жылындағы өту балынан төмен болмауы және орташа GPA көрсеткіші университеттің белгілеген ауысу балынан төмен болмауы қажет.

14.19. Оқуға ауыстыру және қайта қабылдау үшін білім алушы проректордың атына өтініш жазады.

Университет ішіндегі ауысу

14.20. Білім алушыларды университет ішінде бір БББ тобынан екіншісіне ауыстыру тек оқу курсы мен академиялық айырмашылық пәндерін айқындай отырып, ақылы негізде жүзеге асырылады.

14.21. Білім беру гранты негізінде оқитын білім алушыларға білім беру грантын сақтай отырып, бір БББ тобы ішінде бір рет ауысуға рұқсат етіледі. Ауысып келгеннен кейінгі бірінші оқу жылында академиялық айырмашылық пәндерін бір рет тегін оқу мүмкіндігі беріледі.

14.22. Мемлекеттік тапсырыс негізінде оқитын білім алушыларға БББ тобы шеңберінде оқытудың 4-ші семестрінен кейін бір БББ-дан екіншісіне ауыстыруға жол берілмейді.

14.23. Білім алушыларды бір тіл бөлімінен екіншісіне ауыстыру білім беру грантын сақтай отырып жүргізіледі.

14.24. Білім алушыларды ауыстыру тиісті академиялық топ болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Университеттен басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыстыру

14.25. Білім беру гранты бойынша білім алушы өз қалауы бойынша грантын сақтай отырып басқа ЖЖОКБҰ-ға ауыса алады.

Курстан курсқа ауыстыру

14.26. Оқу курсының БББ оқу жоспарының талаптарын толық орындап, қажетті кредиттер мен белгіленген GPA өту балын жинаған білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру проректордың бұйрығымен жүргізіледі. Бітіруші курс білім алушылары академиялық қарыздары болса қайта оқу курсына қалдырылады.

14.27. Курстан курсқа ауысу академиялық қарыз болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

14.28. Оқу жоспары талаптарын орындамаған, академиялық қарызын 25 тамызға дейін жоймаған және белгіленген GPA өту балын жинамаған білім алушылар ақылы негізде қайта оқу курсына қалдырылып, төменгі курс БББ оқу жоспарына ауыстырылады.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	26-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

14.29. Бітіртуші кафедра меңгерушісі мен эдвайзерлер академиялық қарызы бар білім алушыларды пререквизит принципін сақтау үшін келесі теориялық оқыту кезеңдерінде оны жою мүмкіндіктері туралы хабардар етеді, бұл ретте білім алушының өзі академиялық қарызы үшін толық жауапты болады.

Бос білім беру гранттарына ауыстыру

14.30. Білім алушылардың аралық аттестаттау нәтижелері бойынша бос білім беру гранттары туралы ақпарат Platonus ақпарат жүйесінде және университет сайтында аралық аттестаттау қорытындылары жарияланған соң дереу орналастырылады.

14.31. БББ тобында жоғары білім алу процесінде бос білім беру гранттары осы БББ бойынша ақылы негізде білім алушыларға конкурстық негізде беріледі.

14.32. Конкурс білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті бере отырып, аралық аттестаттау нәтижелері бойынша өткізіледі.

14.33. Бос білім беру грантын беру конкурсына ағымдағы семестрде оқу пәндері бойынша академиялық қарыздары жоқ, GPA балы жоғары білім алушылар қатыса алады.

14.34. Конкурс өткізу және бос білім беру грантын беру тәртібі:

- Тіркеуші кеңсе ақылы бөлімде оқитын студенттерді олардың GPA көрсеткіштері жоғары және академиялық қарыздары жоқ екендігіне қарай іріктеп, Қаржы комиссиясының қарауына ұсынады. Содан кейін ағымдағы жылдың 15 тамызына және 15 қаңтарына дейін шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне жіберіледі. Өтінішке Университет шешімі, білім алушының транскриптінен үзінді, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және университеттен шығарылған білім беру гранты иегерінің куәлігі (түпнұсқа) қоса беріледі

- білім беру саласындағы уәкілетті ұйым келіп түскен құжаттарды БББ тобы, оқу формалары мен мерзімдері бөлінісінде оқуға түскен жылын ескере отырып қарайды және мәселе оң шешілген жағдайда білім беру грантын беру туралы бұйрық шығарады;

- білім беру саласындағы уәкілетті ұйымның бұйрығы негізінде ҰТО білім беру грантын беру туралы куәлікті рәсімдейді және оны университетке береді;

- Берілген білім беру гранты куәлік негізінде Университет білім беру гранты бойынша одан әрі оқуға бұйрық шығарады.

14.36. Бос білім беру гранттарын алуға конкурс өткізу кезінде үлгерімнің орташа балының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда оқудың барлық кезеңінде А, А -, содан кейін В+, В, В -, С+ бағалары бар білім алушылар басым құқыққа ие болады.

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	27-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

15. АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУ

15.1. Білім алушыларға академиялық демалыс келесі себептер бойынша беріледі:

- денсаулық жағдайына байланысты – ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейін, амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде;

- әскери қызметке шақырылған жағдайда – оны растайтын анықтама негізінде;

- бала тууына немесе асырап алуына байланысты – бала үш жасқа толғанға дейінгі мерзімге.

15.2. Академиялық демалыс екінші қайтара берілмейді.

15.3. Академиялық демалыс алу немесе академиялық демалыстан оралу үшін білім алушы проректордың атына өтініш жазады.

15.4. Академиялық демалыстан оралғаннан кейін білім алушы білім алушылар контингентіне қайта қабылданады және БББ ағымдағы оқу жоспарының тиісті оқу курсының оқу пәндеріне тіркеледі.

15.5. Оқу жұмыс жоспарларындағы туындаған айырмашылықты жою үшін білім алушы академиялық айырмашылық пәндеріне тіркеліп, оларды академиялық демалыстан кейінгі бірінші оқу жылы ішінде немесе қосымша семестр барысында ағымдағы оқу топтарымен бірге оқиды.

15.6. Академиялық демалыстан кейін білім алушыларға туындаған академиялық айырмашылық пәндерін оқу жылының соңына дейін бір рет тегін оқуға мүмкіндік беріледі. Оқу жылы аяқталған соң оқытылмаған пәндер әрі қарай тек ақылы негізде оқуға жататын академиялық қарыз пәндеріне ауыстырылады.

15.7. Академиялық демалыстан оралған білім беру гранты негізінде оқитын білім алушыларға мемлекеттік стипендия академиялық айырмашылық толық жойылған жағдайда және аралық аттестаттау нәтижелері бойынша тағайындалады.

16. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУДАН ШЫҒАРУ

16.1. Білім алушы келесі жағдайларда оқудан шығарылуы мүмкін:

- бір академиялық кезең (семестр) ішінде дәлелді себепсіз 72 немесе одан да көп сағат сабаққа қатыспағаны үшін, Тіркеуші кеңсенің ұсынысы бойынша;

- қайта оқу жылында белгіленген мерзімде ақылы білім беру қызметтері туралы шарт жасалмаған жағдайда;

- Академиялық адалдық қағидаларын бұзғаны үшін;

- Академиялық саясат пен университеттің ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін;

- білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт талаптарын, оның ішінде оқу ақысын төлеу міндеттемесін орындамағаны үшін;

- аттестаттау нәтижесінде «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда;

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	28-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

- өз еркімен оқудан шыққысы келген жағдайда;
- басқа ЖЖОКБҰ-ға ауысуына байланысты;
- білім алушының қайтыс болуына байланысты.

16.2. Бакалавриат, магистратура және докторантура БББ білім беру гранты негізінде университеттен шығарылған білім алушылар білім беру грантынан айырылады.

16.3. Білім алушы өз қалауы бойынша университеттен шығу үшін проректордың атына өтініш жазады.

16.4. Оқудан шығару туралы бұйрық шыққаннан кейін 10 күнтізбелік күн ішінде оқудан шығарылған тұлғаларға Тіркеуші кеңсесі жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі білімді аяқтамағаны туралы транскрипт береді.

17. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІТІРУІ

17.1. Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған білім алушыға аттестаттау комиссиясының шешімімен тиісті білім беру бағдарламасына сәйкес «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесі (немесе біліктілік) беріледі және транскриптімен бірге диплом табысталады. Бакалавриат пен магистратура түлектерінің өтініші негізінде дипломға қосымша ретінде еуропалық қосымша (Diploma Supplement) тегін беріледі.

17.2. Дипломға қосымшада барлық оқу пәндері, орындалған курстық жұмыстар, ғылыми-зерттеу жұмыстары, кәсіби практикалардың түрлері және қорытынды аттестаттау көрсетіледі. Барлық мәліметтер академиялық кредиттер мен сағаттар көлемінде, балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша қойылған соңғы бағалармен бірге беріледі.

17.3. Оқу пәндері және оқу қызметінің басқа түрлері бойынша (қорытынды аттестаттауды қоспағанда) А, А – «өте жақсы», В -, В, В+, С+ «жақсы» қорытынды бағалары бар жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы үлгерімінің орта балы (GPA) 3,5-тен төмен болмаған кезде, сондай-ақ, қорытынды аттестаттауды А, А – «өте жақсы» бағаларына тапсырғандарға үздік диплом беріледі (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда). Барлық оқу кезеңі ішінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырған немесе қайталап тапсырған білім алушыға үздік диплом берілмейді.

17.4. Диплом немесе дипломға қосымша жоғалған жағдайда түлек білім туралы құжаттың телнұсқасын алу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына немесе e-Gov порталы арқылы өтініш береді. Ал Diploma Supplement жоғалған жағдайда түлек проректордың атына тиісті өтініш жазуы қажет. Diploma Supplement өтініш берілгеннен кейін бір апта ішінде беріледі.

17.5. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бітіруші курста білім алушылар «Білім туралы» ҚР Заңының 47-бабының 17-тармағына және [Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығына](#) сәйкес университетті бітіргеннен

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті	29-бет
Академиялық саясат	Ішкі қолданысқа арналған

кейін білім беру грантын міндетті түрде жұмыспен өтеу үшін тиісті бейіндегі ұйымда міндетті түрде бөлінуге жатады.

17.6. Түлектерді жалпы бөлу Корпоративтік даму департаменті Тәжірибе және мансап орталығымен жыл сайын күнтізбелік жылдың 1 шілдесінен кешіктірілмей рәсімделеді.

17.8. Әрбір оқу деңгейінің түлегі комиссияның шешімі бойынша тұрғылықты жері бойынша жұмысқа және/немесе халықты жұмыспен қамту орталықтарына жолдама алады.

17.9. Еңбекпен өтеуден босату Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 47-бабының 17-тармағында және [ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403](#) бұйрығында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.